
ISSN 1999-4214 (print)

ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ
ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN HUMANITIES
INSTITUTE

№1/2024

Жылына 4 рет шығады
2001ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2024

Бас редакторы **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты, Астана, Қазақстан
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD) Астана, Қазақстан

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Наваи атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабекұлы Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.
Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Басуға 15.03.2024 ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова, Астана, Казахстан
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова, Астана, Казахстан

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабекулы Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курсыжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.

Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».

Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Подписано в печать 15.03.2024ж. Формат 60*84 1\8. Бум. Типопр.

Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89

Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

© Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**
Candidate of Philological Science, Associate Professor of the **A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute**, Astana, Kazakhstan
Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**
Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the **A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute**, Astana, Kazakhstan

Editorial Board

Aimuhambet Zh.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Aktayeva K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
Absadyk A.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Bredikhin S.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
Гайнуллина Ф.А.	Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
Yermekova T.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
Yesirkepova K.K.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Zhusipov N.K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
Kurbanova M.M.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
Kamzabekuly D.	Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Kuryszhan L.A.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
Oner M.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
Pimenova M.V.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
Seifullina F.S.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev
Tel/Fax: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 15.03.2024 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

© A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

МАЗМҰНЫ-СОДЕРЖАНИЕ-CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

АЛПЫСБАЕВА А.Е., АШИМХАНОВА С.А., ӘБДІМАНАПОВА М.Б.	М. Жұмабаевтың «Гүлсім ханымға» өлеңінің лингвопоэтикасы және аудармадағы көрінісі..... 7
БАЛТАБАЙ Д.Ә.	«Шежіре-и теракиме» еңбегіндегі кейбір түркі сөздерінің этимологиясы 24
КЕМБАЕВА А.Т., ЖҰБАЙ О.С.	Шерхан Мұртаза шығармаларындағы ұлттық мәдениеттің тілдік көріністері. 35
КҮДЕРИНОВА Қ.Б. СЕРІКҚЫЗЫ М.	А.Байтұрсынұлы сөзсаптамындағы қазақ сөзінің дәстүрлі прагматикасы 52
KURMANGALI F.T., MAMAYEVA G.B., BEIMBETOVA A.A.	National cultural connotation of regular expressions and national code in kazakh and english languages..... 67
РАЙНБЕКОВА Г., KASAROGLU CENGEL H.	Терминологиядағы антонимия (қазақ тілінің антонимдер сөздігі негізінде) 80

ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АЙТУҒАНОВА С.Ш. СӘРЕКЕНОВА Қ.Қ.	Ясауи хикметтеріндегі айшықтаулардың көркемдік қызметі..... 92
АКНМЕТОВА І.В., КАЛІҮЕВ А.К., АҒА М.	The role of woman in birth rituals of kazakh and turkish people. 104
АМАНҒАЗЫҚЫЗЫ М.	Постмодерн әдебиетіндегі қала тақырыбы..... 118
ISPANDIYAROVA A.T., ABSADYK A.A.	The concept «woman» in kazakh folk lyrics. 133
ИБРАЙХАНОВА А.Қ.	Сапарғали Бегалин поэмаларындағы ертегі, аңыздар ізі 143
ҚАМАРОВА Н.С., ЖАЙЛОВОВ Б.С.	Әбіш Кекілбайұлы – әдебиеттанушы..... 157
НОҒАЙБЕКҚЫЗЫ Л., ДАРИБАЕВ С.Д.	Бесікке салу ғұрпына қатысты қастерлі ұғымдар 172
НУРГАЛИ Қ.Р., МЕЛЬНОВА К.В.	Основы миропостроения в произведениях жанра фэнтези. 188

СЕЙСЕНҚҰЛҰЛЫ Ө., КЕНЖЕҚОЖАЕВА А.М., ТӨЛЕУБАЕВА К.А.	«Абайтану» ғылымы және қытай қазақтарының Абайды тануы.....	200
СҰЛТАНҒАЛИЕВА Р.Б.	Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ прозасындағы әдеби интерьердің мекеншақтық қызметі.....	213
ХАМИДОВА А.Х., КАНАФИНА М.А., ЖУМСАКБАЕВ А.Т.	Образ грешницы в драме А.Н. Островского «Гроза».....	224
ҮЕРСАИНОВА А.В., КОШАНОВА ЗН.Т., ТАЛАСПАЕВА ЗН.С.	The contribution of the academician and writer Sabit Mukanov to Shokan studies.....	236

**ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ – МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ
ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ – METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND
LITERATURE**

КЛЫЧНИЯЗОВА Г.Н., СЫРЛЫБАЕВА Г.Т.	Оқушылардың айтылым мәдениетін қалыптастырудың лингвистикалық аспектілері	248
МАЖИЕВА Н.А., БАЛТАБАЕВА Н.С.	Эпостардағы «қаһарман-қыздар» бейнесін ЖОО-да СТО технологиясы арқылы оқыту.....	263

XҒТАР 17.07.65

DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2024-1.09>

М. АМАНҒАЗЫҚЫЗЫ 

А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты, Астана, Қазақстан
(e-mail: moldir_amangazykyzy@mail.ru)

*ПОСТМОДЕРН ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ҚАЛА ТАҚЫРЫБЫ

Аңдатпа. Мақалада қазіргі қазақ прозасындағы постмодернистік сарында жазылған Темірлан Қылышбектің «Лифт» әңгімесі мен Нұрбек Нұржанұлының «Аждаһаның жүрегі» әңгімесі талданған. Ғылыми зерттеудің мақсаты – постмодернистік әдебиеттегі қала көрінісінің бейнелену ерекшеліктерін анықтау, автор мен кейіпкер психологиясына талдау жасау. Зерттеу барысында қала өмірін түрлі аспектіде қарастырған Г. Зиммель, Л. Мамфорд, М. Брэдбери және т.б. ғалымдардың еңбектері басшылыққа алынды. Яғни, қаланың әдебиетке әсері, әдебиеттегі урбанизм поэтикасы туралы мәселелердің ауқымын кеңейту мақсатында қаланың негізгі аспектілері батысеуропалық және американдық урбанизм теоретиктерінің еңбектерін негізге ала отырып, гуманитарлық теориядағы әлеуметтік-мәдени феномен ретінде қарастырылды. Сондай-ақ, көркем шығармаларды талдау барысында Б. Майтанов, А. Ісімақова, Ж. Жарылғапов, Г. Елеуқенова, Ә. Қодар, С. Қасым, Ә. Әліәкбар сынды қазақ әдебиеттанушыларының постмодернизм турасындағы ғылыми зерттеулері назарға алынды.

Зерттеу барысында герменевтикалық, компаративистік зерттеу әдістері қолданылды.

Зерттеу негізінде алынған нәтижелерді жоғары оқу орындарында оқытылатын «Әдебиет теориясы», «Заманауи қазақ әдебиеті», «Әдеби талдау және әдеби шығармашылық» пәндері бойынша дәрістер мен тәжірибелік сабақтарға дайындық кезінде қосымша оқу материалы ретінде пайдалануға болатыны сарапталды.

Түйін сөздер: қала, әдебиеттегі қала тақырыбы, мегаполис, модернизм, постмодернизм.

Кіріспе. Әдебиеттанушылар қаланың әдебиетке тигізетін әсерін мәселе ретінде сөз еткенде жеке авторлардың белгілі бір шығармасындағы қала бейнесін, белгілі бір ұлттық дәстүрдегі ұлы қалалар бейнесін, урбанизм

*Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын АР19176500 «Қазіргі қазақ әдебиетіндегі қала бейнесі және кейіпкерлер типологиясы» ғылыми жобасы аясында жазылды.

әсерінен адам психологиясы мен қабылдауындағы өзгерістерді және соның нәтижесінде туындаған әдеби шығармалар формасындағы өзгерістерді алып қарастырады. Теоретиктердің еңбегінде қалалардың әлеуметтік-мәдени феномен ретінде қарастырылуы бұл мәселенің дәстүрлі шеңберін кеңейтіп, қазіргі әдебиеттегі урбанизм поэтикасын нақтырақ зерттеуге негіз болады. Қазіргі қазақ әдебиеттануында постмодернизмге көңіл бөлініп, оның қазақ жазушыларының шығармашылығынан көрінуін талдаған көптеген еңбектер бар. Мәселен, Б. Майтановтың «Қазіргі қазақ прозасындағы модернистік және постмодернистік ағымдар», «Қазіргі қазақ поэзиясы және постмодернизм», А. Ісімақованың «Бүгінгі постмодернизм», «Бүгінгі дүниежүзілік әдебиеттану ғылымының мәселелері», Ж. Жарылғаповтың «Постмодернизм қандай құбылыс», «Қазақ прозасы: модернизм және постмодернизм», Г. Елеуқенованың «К вопросу о постмодернизме в казахской литературе 1950-1980-х годов XX века», Ә. Қодардың «Постмодернизм жөнінде бірер сөз», Ж. Шәкеннің «Жаңашыл жастарға жаңа ағым жайында айтар сөз», С. Қасымның «Қазақ поэзиясындағы постмодернистік көріністер», Ә. Әліәкбардың «Постмодернизм қазақ әдебиетінде», т.б. зерттеулерді атауға болады.

Қазіргі қазақ прозасындағы постмодернизм туралы айтқанда шығармашылықтың психологиялық қыры да назарда болады. Осы орайда ғалым Д.Р. Сабирзянованың: «Шығармашылық тұлғаны анықтау үшін оның шығармасында суреттелген образдарды психологиялық жағынан зерттеуге тура келеді» [1, 922], – деген ойымен келісе отырып, постмодернизм ағымында жазылған туындыларды талдау барысында автор мен кейіпкер психологиясына да назар сала талдау керек деген түсінікке тоқталдық. Себебі қала мәдениеті мен қалалық ортадағы адамның жан дүниесі мен психологиялық толғанысының еркін болуы кейбір дәстүрлі канондардан шығып кететін сәттерді туғызады.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Зерттеу барысында Г. Зиммельдің «Үлкен қалалар және рухани өмір», Л. Мамфордтың «Қала дегеніміз не», «Тарихтағы қала», «Қалалардың мәдениеті», М. Брэдберидің «Модернизм қалалары» және т.б. зерттеу еңбектері басшылыққа алынды. Аталған зерттеулерде қала әлеуметтанулық, философиялық, мәдениеттанулық және тарихи қырынан жан-жақты зерттелген. Қала тақырыбы аталған ғылым салаларының барлығында өзекті болғандықтан, зерттеу еңбегімізде қала тақырыбын түрлі салалардың тоғысында қарастыруды жөн санадық.

Зерттеу барысында көркем мәтінді түсіндіруде герменевтикалық әдіс қолданылса, постмодернистік ағымда жазылған шығармалардың ерекшелігін анықтауда компаративистік зерттеу әдісі қолданылды.

Талқылау мен бақылау. Қазіргі қала теориясы неміс әлеуметтанушысы әрі мәдениет теоретигі Георг Зиммельдің (1858-1918) еңбектерінен бастау алады. XIX-XX ғғ. тоғысындағы ең қарқынды мегаполистердің бірінің тұрғыны болған

Зиммель үлкен қалалардың өзіндік ерекше атмосферасы, ондағы қуатты энергетиканы, қаланың өз тұрғындарының бойында қалдыратын таңба-белгісі туралы жаза бастаған. Әдебиетке қатысты сөз ететін болсақ, оның еңбектерінде модернист-жазушылар шығармасындағы қала бейнесінің барынша толық әрі жан-жақты түсінігі берілген.

Г. Зиммель өзінің «Үлкен қалалар және рухани өмір» атты басты эссесінде сыртқы әлеуметтік ортаның тұлға психологиясына әсерін талдайды. Неміс әлеуметтанушысы алғашқылардың бірі болып қалалық өмір салты мен болашақта модернистік романның қаһарманы болатын ХІХ-ХХ ғғ. тоғысында пайда болған жаңа тұлға типінің арасындағы байланысты қарастырады [2, 66]. Оны ерекше қызықтырған нәрсе – қала репрезентациясы және мегаполистің кейбір белгілері, мысалы қалалықтың өмір салты, үлкен қаланың кеңістіктік өлшемі, экономика, қаржылық шаруашылық пен қалалық мәдениет.

Г. Зиммель үлкен және шағын қалалардағы өмірді салыстыра отырып, мынаны атап көрсетеді: «рухани өмірдің интеллектуалдық сипаты шағын қалаларға қарағанда үлкен қалаларда басымырақ» [3, 24]. Ол үлкен қаладағы өмір мен оның тұрғындарының психологиясы арасындағы байланысқа көңіл бөлген. «Үлкен қаланың даралығы болып саналатын психологиялық негіз – қалалық өмірдің мазасыздығынан тұрады, бұл мазасыздық ішкі және сыртқы әсерлердің жылдам әрі жиі ауысуынан туындайды» [3, 23]. Қалалық орта қалыптастыратын бір мезеттік әсерлердің бірінен соң бірінің алмасып отыруынан тұратын бұл тізбек психологиялық қорғаныстың жаңа механизмдерін ойлап табуы тиіс тұлғаның жаңа типінің пайда болуына мүмкіндік туғызған. Мұндай механизмдердің бірі интеллекттің сезімнен басымдығы, енді жеке тұлға «сезімге ерік бермейді, бәрін ақылға салады» [3, 24]. Мегаполистегі тұрғындар санының аса көптігіне, күнделікті әлеуметтік байланыстардың молдығына қарамастан үлкен қаладағы жеке тұлға барынша дербестендірілген. Зиммель атап көрсеткендей, «үлкен қаланың болмысына тән рухани өмірдің бір құбылысы – сезімсіз немқұрайлылық» [3, 27] – бұл мегаполис тұрғындарының рухани бірлігінің жоқтығының нәтижесі.

Г. Зиммельдің пікірінше, қалалық тұрғынның «үлкен қала озбырлығына» [3,24] қарсы тұру үшін аса қажетті интеллектуалды, байыпты санасы капитализмнің нарықтық механизмдерімен өзара ықпалдастықта әрекет етеді. Қалалық тұрғынның шаруашылықтың қаржылық қырына қатыстылығы адамдық қатынастарды құнсыздандырады, оған тек материалдық, заттылық сипат береді. Зиммельдің үлкен мегаполистерді қарастыруы басқа да сыншылардың бұл мәселені одан ары тереңдей зерттеуіне зор әсерін тигізді, олар көбінесе ХХ ғ. екінші жартысында пайда болатын көзқарастар мен тәсілдерді алдын ала болжай білді. Мәселен, Зиммельдің өзі «Улисс» пен «Миссис Дэллоуэйд» қолданылған сана ағымы тәсілін болжай алды деп нық сеніммен айтуға болады.

Қала тарихын зерттеуге зор үлес қосқандардың бірі – Льюис Мамфорд (1895-1990). Оның урбанистика туралы көптеген зерттеулері канондық еңбектер. Қала дегеніміз не деген сауал туралы толғана келе, американ зерттеушісі оған мынадай анықтама береді: «Толық ұғымында қала дегеніміз – географиялық тоғысу, экономикалық ұйым, институционалдық үдеріс, әлеуметтік қызметтер театры мен ұжымдық тұтастықтың эстетикалық символы» [4, 29]. Автордың айтуынша, қала табиғатындағы әлеуметтік құрамдас бөліктер экономикалық бөліктерден әлдеқайда басымрақ, жеке тұлғаның әлеуметтік мұқтажы барынша кең тұрғыда қарастыруға болады. Қала анықтамасын толықтыра келе, танымал урбанизм тарихшысы «театр» метафорасын қолданады: «... қала өнерді қолдайды және өзі де өнерге жатады; қала театр тудырады және өзі де театр» [4, 29]. Қала – әлеуметтік драмалар сахнасы. Л. Мамфорд қаланың негізгі қызметі – мәдени мұраны жеткізу деп біледі және мегаполисті «адам ойлап тапқан есте сақтаудың озық мүшесі» [5, 562] деп атап көрсетеді.

Мамфорд теориясына сәйкес қала белгілі бір дәуірдің эстетикалық рухын танытады. Адамзаттың әлем тарихының мәдени дәуірлерге жіктелуіне сәйкес автор қала дамуының бес кезеңін атап көрсетеді:

1. Ортағасырлық қала (XII-XVII ғғ.);
2. Барокколық қала (XVII-XVIII ғғ.);
3. Индустриалдық қала (XIX ғ.);
4. Мегалополис (XIX-XX ғғ.);
5. Биотехникалық қала (XX ғ. – ...).

Өз заманындағы қаланың дамуын анықтау үшін Л. Мамфорд «мегалополис» терминін енгізген. Осы орайда автордың қаланың шектеусіз ұлғая беруін қолдамағандығын айта кету қажет. Ғалым аса үлкен көлемдегі мегаполистердің жетістігінен гөрі кемшілігі көп екенін атап өтеді, себебі алыс қашықтықтар қарым-қатынас пен алыс-беріске тиімсіз (ал бұл қаланың басты қызметі). Мамфорд қала мен табиғат арасындағы арақатынасты да қарастырған, оның айтуынша мегалополис табиғатты өз шекарасынан сырт аймаққа ығыстырып тастайды. Қаладағы табиғат көрінісін мұқият күтімдегі саябақтардан ғана көруге болады, мұның өзі адам қолымен жасалған, яғни, жасанды. «Жыл мезгілдерінің ырғағы жойылады, нақтырақ айтсақ, ол енді табиғи құбылыстармен байланысты емес... Мегалополисте қала көшелерінен басқа ештеңе көрмеген миллиондаған адамдар өмір сүріп жатыр» [6, 51]. Осылайша, адам табиғи ортадан ажырайды.

Қалалық кеңістік пен жеке тұлға психологиясы арасындағы байланысты Л. Мамфорд өзара шарттылықтағы дүниелер деп қарастырады: «... сана пішінге айналады, ал пішін, қалалық пішіндер өз кезегінде сана қалыптастырады» [7, 5]. Ол сондай-ақ қала тұрғынының жеке тұлғасындағы өзгерістерге де мән береді: «... қалалықтың жеке тұлғасы көпқырлы бола бастайды: жеке тұлға ендігі кезекте шынайы біртұтас портрет ретінде көріне алмайды. Бұл жерде біз

тұлғалық ыдырауды, бұзылуды көреміз» [4, 29]. Басқаша айтқанда, тарихшы қалалықтың жеке тұлғасының фрагменттілігін атап көрсетеді. Л. Мамфордтың пікірінше, мегаполис тұрғынына белгілі бір ақыл-ой жүйесі тән, соның көмегімен ол үдемелі өмір қарқынына төтеп береді, айналасында болып жатқан жайттардан әсер алады және сәт сайын қандай да бір жаңа таңдау жасайды. «[Үлкен қала] [шектеусіз таңдау мүмкіндігін] жүзеге асыра білетін ауқымды масштабтағы сана қалыптастырады» [5, 562]. Бұл жерде ғалымның көзқарасы Георг Зиммельдің пікірімен сәйкес келеді, ол да үлкен қаладағы қарқынды өмір мен эмоционалдық ауыртпашылық туралы сөз еткен болатын.

М. Брэдбери 1976 жылы-ақ алғашқылардың бірі болып үлкен қала бейнесі модернизм әдебиетінің басты тақырыптарының бірі екенін атап өткен болатын. Жекелеген модернистер қазіргі астаналарды тозақтың бір көрінісі немесе кейде ғарасат майданы деп қарастырған болатын, алайда өнердегі модерндік революцияның интеллектуалдық-эстетикалық пікірталастары дәл осы мегаполистерде жүріп жатты; Батыстың мегаполистері «мүлде жаңа орта болып көрінді, олардың бойынан модерндік сана мен модерндік жазудың барлық қиындығы мен ауыртпашылығын көруге болады» [8, 96].

Ричард Лихан көптеген қала тарихшылары мен теоретиктерінің ізін ала былай дейді: «өз даму жолында қала бірнеше кезеңдерден өтеді, нақтырақ айтсақ: коммерциялық, индустриалдық, «әлемдік қала» [9]. «Әдебиеттегі қала: Интеллектуалдық және мәдени тарих» атты кітабында Р. Лихан қала тарихын Батыс Еуропа мен Америкадағы әдеби шедеврлерді негізге ала отырып, ағартушылық кезеңнен постмодернизм кезеңіне дейінгі аралықта қарастырады. Дәл осы модернизм әдебиетінде қала бейнесі барынша әсерлі әрі көрікті болып шыққан. Автордың кітабының осы бөлігін «Модернизм/Урбанизм» деп атауы да кездейсоқ емес. Осылайша, бүгінгі күнде әдебиеттанушылар модернизм мен үлкен қала әдебиеті деген екі ұғымды теңдес ұғым деп қарайды. Бұл мегаполистің модерндік романның басты кейіпкерлерінің бірі екенін дәлелдей түседі.

Джойс шығармаларындағы Дублиннің, Вирджиния Вулф шығармаларындағы Лондонның, Дос Пассос туындыларындағы Нью-Йорктің, Деблин шығармаларындағы Берлиннің бейнесі туралы көптеген зерттеулер мегаполистің модерндік романның басты кейіпкерлерінің бірі екендігіне тағы бір дәлел бола алады. Алайда теорияда жауабы табылмаған мынадай сауал туындайды: «қалалық» модерндік романның постмодернизм романындағы қала бейнелерімен арақатынасы қандай? Постмодернизмнің негізін қалаушылар мен оның XX ғасырдың екінші жартысындағы жетекші өкілдерінің де қала бейнесіне ерекше ынтық болғаны ешкімге құпия емес. Мәселен, Борхестің БуэносАйресі, Итало Кальвиноның көрінбейтін қалалары, Кутзеенің Кейптауны және т.б. Бұл қатардан құрметті орынға лайық тағы бір қала – Лондон, британдық Питер Акройдтың романдарында жақсы суреттелген.

Постмодернизм – биотехникалық қала дәуірінің өнері. Модерндік мегаполис репортажды, бір сәттік, фрагментті қала болды, сондықтан авторлар қаһарманның сол қалада өмір сүріп жатқан кезіндегі санасында қалыптасқан қаланың материалдық-физикалық және рухани сипатын беруге тырысты. Модернизм қалаларының бейнелерінде мәдени-символдық сипат та кездеседі, алайда модернистердің басты назарда ұстағаны – қарапайым тұрғынның санасында қалыптасқан қаланы: үнемі қозғалыстағы, қарама-қайшылыққа толы, «ескімен» қатынасы үзілген, шығарма кейіпкерінің өмір сүретін жалғыз ортасын сипаттау болды. Ал постмодерндік әдебиет қала туралы өз рефлексиясында осы жалғыздікті санадағы қаланы әлдебір жоғары дәрежедегі қауымдастыққа – үлкен тарихқа, ғаламға, трансцентаальды немесе фантастикалық кеңістікке орналастыру жолында ілгері қадам басып бара жатқандай. Модернизм әдебиетіндегі қала – қаһармандардың субъективті уақытына қатысты жеке, субъективті феномен. Постмодернизмде қаланың бұл «шүбәсіздігі» қазіргі мегаполис феноменінен әлдеқашан бұрын болған немесе көз алдымызда енді ғана туындаған, әлі толық қалыптаспаған құндылықтар жүйесі позициясында сыналады. Постмодерн әдебиетіндегі қала бейнесін соншалықты қызғылықты зерттеу нысаны етіп тұрған да осы нәрсе. Болжамымыздың дұрыстығына көз жеткізу үшін постмодернизм әдебиеті шығармаларындағы қала бейнесін зерттеу нысанына алмақпыз. Зерттеуде негізгі нысанға алынған постмодернизм әдісімен жазылған шығармалардағы қала бейнесі заман талабына сай жаңа сипатта көрінуімен ерекшеленеді. Ондағы сюжеттің композициялық жүйесі де ерекше. Қаладағы әр заттың сипатталуы, оның кейіпкермен байланысы да тура бейнеленбей астарлы мағына, ұғымдық түсінікпен беріледі.

Нәтижелер. Қазақ әдебиеті әлемдік әдебиеттің сүбелі бөлігі ретінде оның дамуынан тыс бола алмайды. Кеңестік кезеңнің социалистік реализм аталған жасанды әдісі еркіндік алған тұстан бастап тың тақырыптағы шығармалардың туа бастағаны анық. Алғашқы кезеңде ақын-жазушыларымыз тарихи тақырыптарға ден қойып, көптеген көркем дүниелерде қазақ елінің тарихы мәселесі көтерілді. Ортақ түркілік ой арқылы жалпы түркі халықтарының бірлігі туралы мәселелер қозғалды. Шамамен екі мыңыншы жылдардан бері қарайғы уақытта қазақ прозасында адам мәселесі, адамның жеке әлемі туралы дүниелер өмірге келе бастады. Атап айтсақ, А. Алтай, А. Кемелбаева, Р. Мұқанова, Д. Амантай, Д. Қуат, Қ. Әбілқайыр, Д. Рамазан, А. Мантай және басқа да жазушылардың шығармаларындағы адам болмысы мен қоғамдағы орны аталған көркемдік әдіс негізінде көрінеді. Зерттеуімізде бұрындары ғалымдардың назарына ілінбеген жас қаламгерлердің республикалық деңгейдегі байқаудан жүлделі орын алған, сарапшылардың сынағынан өткен шығармаларына талдаулар жасалды. Осы арада постмодерн сипатындағы шығармалардың негізгі белгілері қандай? Оларды басқа бағытта жазылған

шығармалардан қалай ажыратып аламыз дегенде абай болғанымыз абзал. Себебі осы бағытта жазылған зерттеулерде ала-құлалық байқалады. Жалпы нобайы келеді-ау деген туындылардан постмодернизмді тауып көрсетуге тырысқан еңбектер де бар.

Постмодерндік шығармалардың басты ерекшелігі – қалыпқа салынған құрылым мен сюжеттік жүйеге бағынбауынан басталады. Оқиға ішіндегі оқиға, бір шығарманың ішінен екінші бір көлемді желілік ойдың шығуы, сол арқылы жазушының ой ағымындағы еркіндіктің көрінуі – постмодернистік шығарманың басты ерекшеліктерінің бірі. Бірақ бұған қарап постмодерндік шығармалар жүйесіз деуге де келмейді. Оның өз жүйесі бар. Ол жүйе жазушы мен кейіпкердің кеңістік пен уақытқа байланысты сол шығарма аясында ғана еркін байланысуы деуге де болады. Бір сөзбен айтқанда, автор өзі әрі кейіпкер, әрі автор-баяндаушы ретінде көріне алады. Сонымен бірге автордың қалыптасқан қоғамдық ортаға қарсы астарлы ойының да көрініс беруі байқалады. Жазушы Д. Амантай постмодернизм туралы сұхбатында: «Постмодернизм – әлеуметтік-гуманитарлық құбылыс. Бұл – таным жолы, таным методологиясы, өнердегі, қоғамдағы, тұлғадағы» [10], – дейді. Жазушының ойымен келісе отырып, постмодернизм ағымының танымдық сипатта болатынына назар аудару керек деген түйін жасауға болады. Осы сипаттағы ой Бекет Нұржановтың «Модерн. Постмодерн. Мәдениет» (2012) деген кітабында да айтылады [11]. Олай болса, қазіргі қазақ әдебиетіндегі постмодернизм ағымымен жазылған шығармалардағы қала бейнесі мен қалалық кейіпкерлердің тыныс-тіршілігін талдай отырып, қазіргі қоғамдағы келеңсіздіктер мен шешуі қиын мәселелерді реттеудегі ерекшеліктерге назар аударуды дұрыс деп санаймыз.

Жазушы Темірлан Қылышбектің «Лифт» деген әңгімесі кейіпкерлердің диалогына құрылған. Әңгіменің «Лифт» деп аталуының да мәні бар. Лифт адамды жоғары және төмен түсіріп тұратын құрал болса, адам өміріндегі жоғары шығу, төмен түсу, жер бетіндегі өмір мен төменгі «өлілер әлемін» байланыстырушы да лифт екенін назарда ұстауға болады. Автор диалог арқылы барлық оқиғаны жинақы етіп берген. Әңгімедегі ерекшелік – басты кейіпкер Аянның түсінде көрген қызының өмірде кездесуі. Сонымен бірге жазушы 9 саны мен сенбі күніне назар аудартып отырады. Шығарманың постмодернистік сипаты да осындай тәсілдерді қолдануынан көрінеді. Әңгіме басындағы диалогта бір қарағанда ешқандай оқиға жоқ сияқты көрінеді. Мысалы:

«– Сізге нешіншіні басайын?

– Тоғыз, – деді қоңыр күртешелі аққұба қыз.

Қарайған тырнақты сұқ саусағымен тоғызыншы түймені басты.

– Рақмет! – қолына ұстап кірген газетімен үлбір ерінін көлегейледі.

– Оқасы жоқ! Жақында көшіп келдіңіз бе?

– Иә, екі апта болды, – кірпіктері айқасып төмен қарады.

– Бәсе, бұрын көрмегенмін. Аян!

– Айсел! – сүйрік саусақтарын созды» [12].

Әңгіме барысында осы сюжеттегі «тоғыз», «тырнағы қарайған сұқ саусағы» деген сөздер үнемі қайталанып келіп отырады. Автор түс көру мотивін де ерекше кіргізген. Айселді түсінде көргенін айтқысы келсе де, үнемі сөзі бөлініп, оған айта алмайды. Сонымен бірге Айселдің алғашқы жазып жүрген мақаласы тату суреті туралы болса, екінші мақаланың жезөкшелердің өмірі туралы болуы да оқырманын ойлантып тастайды. Лифтіде кездескен жігіттің де тоғызыншы қабатқа баруы, оның үсті-басының тату суретіне толы болуы және желкесіне салынған татудағы шегір көз де әңгімедегі оқиғалардың бірінің ішіне бірінің кірігіп тұруына қызмет етеді. Кейіпкерлерді байланыстыратын лифт пен тоғыз деген санның және сенбі күнінің мәні де ашыла түскендей. Діни түсінік бойынша тоғыз санын төңкерсе алты шығады. Ал алты санының сайтандық сан екені белгілі. Пәтердің нөмірі де «96». Айселдің пәтердің нөміріндегі бір санды төңкерсең 99 болады дегенінен де астарлы ойды көреміз. «99» санын төңкерсек «66» деген сан шығады. Сонымен бірге сенбі күні сан бойынша «6» деген санға келеді. Автор осы сандарды көрсету арқылы әңгіменің мистикалық астарын ашатындай. Сонымен бірге осының бәрінің шешуін оқырмандарының еншісіне қалдырады. Бұл постмодернистік шығармаларға тән ерекшелік. Келесі диалогта жігіттің неке жүзігі туралы айтылады. Бірақ автор оны үйленген, жанұялы деп айтпаса да, осы диалог арқылы оның өмірі туралы хабар береді. Мысалы:

«– Әлі ерте.

– Ең болмаса, не туралы жазбақсың? Соны айтшы?

– Неке жүзігіңіз қайда? – жалаң қолына тесіле қарады.

Бұл сұрақ айналасына тіміскілене қарап отырған Аянды мең-зең күйге түсірді.

– Сен...

«Не айтар екен» дегендей бозғылт тартқан жүзіне міз бақпай қарап отыр.

– Сен... сен байқап қойған екенсің ғой...

– Алғашқы күні-ақ байқағанмын.

– Бәсе... Менен неге сонша қашқақтайсың десем...

Даяшы мұз салынған Old fashioned бокалын Аянның алдына қойды.

– Қашқақтамадым, жәй көңіл-күйім болмады.

– Солай де...

– Солай!» [12].

Аянның үйленген, жары бар азамат бола тұра жас қызға көңіл аударуы, некелі екенін жасыруы, әңгіме соңындағы қыздың жезөкше болып шығуымен байланысады. Сонымен қатар Аянның түсімде көрдім дегенінің де астарлы мағынасы бар. Себебі соңында ол қыздың өзі емес аруағы, рухы болып шығады.

Қыздың тірі емес екенін де Аян қолына тиген «жасыл қаріпті» газеттегі

мақаланы оқыған соң біледі. Газет қаріпінің түсі де жасыл. Ерекше белгі. Әңгімеде: «Ал келесі беттегі мақалалар оқуға жарамды: «Өткен жылы қаламызда жезөкше қызды қасақана өлтіріп кеткені жайында ақпараттық құралдар жарыса жазған еді. Бүгінде сол қыздың жаны...» деген жерге жеткенде дәлізден тақыл-тұқыл басылған өкше дыбысы құлағына түрпідей тиді. Аян сол сәтте-ақ есік ауызына шешкен аяқ-киімдерге қарады. Қоңыр түсті Loafer-i тұрғанымен, жақұт тасты қызыл топылай орынында жоқ. Мең-зең күйде атыла жатын бөлмеге енді. Төсек үстінде Айселдің жаңбыр суына шылқыған шыт көйлегі мен сымы мың оратылған ақ түсті телефон тұтқасы жатыр» [12] деп берілген. Бұдан «қыздың жаны» жай таппаған соң өзі жүрген жерлерді кезіп жүргенін байқаймыз. Соңында: «Аян өкініш құрсауында өзінің көзімен қатар сұқ саусағының қарайып бара жатқанын аңғарған да жоқ, бірақ 99-ыншы пәтердің алдында қара түсті былғары күртенің жағасынан сығалап тұрған шегір көз бәрін байқап тұр еді...» [12] деп аяқталады. Енді әңгімедегі шашырап жатқан сюжеттік желіні біріктіріп көрсек:

- Лифтідегі танысу, тоғыз санының болуы;
- Лифтідегі денесінде тату суреті бар жігіт, оның желкесіндегі шегір көздің суреті;
- Айселдің жанынан тастамай алып жүрген газеті;
- Айселдің мақаласының тақырыптары: тату суреті, жезөкшелер өмірі;
- Аяның Дәулетке Айсел туралы айтқанда өткен шақта сөйлеуі;
- Қызыл туфлидің тықылының естілуі;
- Газеттегі мақаланы оқу.

Осы оқиғалардың арасында жігіттің қызға деген сезімі мен көңіл-күйі, психологиялық жағдайы да біршама суреттеледі. Постмодернистік шығарма ретінде автордың бір ғана әңгімеде діни, әлеуметтік, қоғамдық, психологиялық, философиялық, гендерлік мәселелерге мән бергенін байқаймыз. Жалпы жазушы қазіргі қоғамдағы қыз балалардың арының тапталып, өлімге себеп болып отырғанына ер азаматтардың да үлесінің бар екенін көрсеткен.

Жазушы Нұрбек Нұржанұлының «Аждаһаның жүрегі» деген әңгімесін де қазіргі қазақ әдебиетіндегі постмодернизм ағымына жатқыза аламыз. Әңгіменің негізгі тақырыбы – қазіргі дамыған қоғамның қыспағында қалып, қоғамнан өз орнын таппаған жандардың өмірі мен жеке әлемі туралы мәселе көтеру. Ал шығармадағы басты идея – адам қандай жағдайда болса да, асқақ арманы мен алдыға қойған мақсатына жетуі керек, өзінің өмірге келгендегі миссиясын орындауы шарт деген оймен ұласады. Себебі басты кейіпкер Шәріптің көзімен көрінген қазіргі әлем бір қарағанда сүреңсіз, қайырымсыз. Бірақ ол сол сүреңсіз әлемде өз мүмкіндігінше басқа жандардың тұрмысын жеңілдету үшін еңбек етеді. Сол қиюы қашқан әлемнен жылылық іздеп, өзі де қолынан келгенінше тырысып бағады. Автор осы әлемді: «Жетім Шәріп жетім шаһарда жетім қоғамға көз тастап келеді. Мүгедек жандарды мүсіркеп келеді. Жетімнің

жанарында бәрі де жетім. Ол бәрін аяйды... Оның өмір кітабын оқып көрсеңіз еш қызығы жоқ бұлыңғыр һәм күңгірт. Көңілі бәрінен қалған, сатқындыққа, надандыққа, азғындыққа көмейінен тойған. Оған еш нәрсе қызық емес» [13] деген сөздермен береді. Жетім деген сөздің мәнін аша түсіп, қоғамның жетімдерге деген қаталдығы мен қатыгез безбүйректігін көрсетеді. Постмодернистік ағымның ерекшелігі де осындай сүреңсіз әлемнің ішінен бір жарық нұр іздеуінде десек, Шәріпті өзі өмір сүріп жүрген әлемінің кішкентай ғана жылы жүректі нұры деуге болады. Алдымен ол көшеге шығып поэзия әлемінен өлең оқиды. Осының өзі оның қатыгез қоғамға әкелген кішкентай ғана жылылығы болатын. Адамдар келіп тыңдап, оған қол соғады. Яғни, адамдардың барлығының жүректері қарайып кетпеген, өлең тыңдауға деген құлықтары бар. Поэзия арқылы өздеріне қуат алады. Ол қуатты Шәріп береді. Шәріп бұл жерде өзі жан жылуын поэзия арқылы жан-жаққа шашса да, ол үшін көп дүние қажет етпейді. Бар болғаны аз ғана тиын-тебен тауып, оның өзін бөлісіп жүреді. Ал адамдар қандай? Не себепті олар өлең тыңдауға келеді? Себебі: «Поэзияның музыкасына Алматыны тербететін. Қала, көше, адамдар, бәрі де тәтті бір өлең-жырға сусындап, кепкен таңдайлары шөлін қандырып қалатын. Ол өлең әсерінен шыққанда айналасына халық үймелеп қалушы еді. Айналадан «Браво! Қайыршы ақын жарайсың! Молодец!» деген қошеметтер гу-гу естіліп жатты. ... Кей адамдарды танып жатады, олар күн сайын осының өлеңін есту үшін әдейі келеді...» [13]. Яғни барлық адамдардың жүректері қараймаған, мұндай адамдардан үміт бар. Міне, автор Шәріптің өлеңін тыңдауға келетін адамдар туралы осындай ой айтады.

Шәріп өзінің өмірі туралы қатты қиналып, қайғырмайды. Оның себебі ол өзіне екінші әлем жасап алған. Ол – кітап әлемі. Сол әлемде ол өзін еркін, бақытты, батыр да батыл сезінеді. Бір шығармада кейіпкердің өз әлеміне кіру үшін түс көру мотиві пайдаланылса, Н. Нұржанұлы кейіпкерін кітапқа кіргізеді. Сол кітап әлемінде оның екінші, ерлікті өмірі басталады.

Кейіпкер Шәріптің өзінен артылған тиынын бөлісіп жүретін орыс кемпір мен шал да астарлы мағынада алынған. Олар өздерінің туған балаларынан қашып, үйі жоқ жанға айналған. Әңгімеде: «Одан артылған аз-маз ақшаны канализацияда тұратын орыс шал мен кемпірге апарып беремін. Есімдері Евгений мен Марина. Кезінде зиялы адамдар болған көрінеді. Сөйлеген сөздері, істері мәдениетті. Дегенмен байқұс шал-кемпірді аяймын. Өзінің туған баласы әке-шешесін арақ алып кел деп жұмсаған, таппаса ұрған, одан қалса тепкілеген» [13], – деп беріледі. Қазақ халқында ата-анасын осылай тастап кету дәстүрі болмағандықтан, автор орыс адамдарын алған болуы керек.

Әңгіме ішіндегі әңгіме Шәріптің қоқыстан тауып алған кітабына байланысты сюжетте өрбиді. Шәріп кітаптағы Ләйләні аждаһадан құтқарып, ертегілер елін дұшпаннан азат еткісі келіп, кітаптағы оқиғаға кіріп кетеді. Мұндағы аждаһа бейнесі халықты қанаушы, зорлық көрсетушілердің жиынтық

бейнесі сияқты. «Қызық екен, әрі қарай «Айдаһардың ең әлсіз жерін ешкім біле алмапты, көрген көсем қариялар оны өлтіру мүмкін емес десе керек-ті. Халықтың малын, адамдарын жеп, егінін өртеп әбден әбігер қылған екен. Көшейін десе туған жері... Көшпейін десе айдаһар. Небір палуандар, батырлар айдаһардың көзін құртуға аттанып, ажал құшып қайтыпты» [13] деген жолдар халықтың амалы жоқ болып отырғанын көрсетеді.

Кітаптың ішіне кіріп, айдаһарды өлтірген Шәріптің өзі де айдаһарға айнала бастағанын сезеді. Ол да өзінен әлсізге күш көрсету туралы ойға келеді. Бірақ санасының сергектігінен өзін ұстап қалады.

Әңгіменің соңында автор: «Алдымда не күтіп тұрғаны белгісіз. Кез келген жанның өз айдаһары бар: Қорқынышы, үмітсіздігі, надандығы, жауыздығы, тас жүректігі... Және кез келген жанның өз Ләйләсы бар: Иманы, махаббаты, мейірімі, төзімділігі, ерлігі... Мен өз айдаһарымды жеңуге һәм Ләйләмды табуға кетіп бара жатқан едім...» [13] деп аяқтайды.

Әңгімедегі қала бейнесі кейіпкердің әшкі әлемін ашуға қызмет етеді. Мысалы: «Менің сүйікті мекенім – Алматы шаһары. Саяхат. Жаздың аяғы, күздің басы. Жапырақтар енді сарғая бастаған шақ. Кешкі іңірдің қып-қызыл нұрына шомылған ұзын сонар көшелер. Автобустар мен көліктердің бипылы. Бір-екі сағатқа созылған кептеліс. Шопырлардың боқтауы, үйіне асыққан жолаушылардың табанының гүрсілі, ғашығына асыққан мәжнүндердің жүректерінің дүрсілі, түрлі-түрлі сатушылардың бақырған дауысы, кондукторлардың құлақ жарар үндері – бәрі-бәрі тоғысып, үйлесіп жатты. Қарбалас тіршілік, ешкімнің де ешкімде шаруасы жоқ. Әркімнің өмірі өзінде» [13] деген жолдарда Алматы қаласының көпке танымал бейнесі, қарбалас тірлігі көрінеді. Осы жайма-шуақ, өзімен-өзі тірлік кешіп жатқан қалада, оның пейзажына онша үйлеспесе де, Шәріп Алматының көшелерімен келе жатыр. Иә, автор жетімнің тағдырына байланысты пейзаждың өзін Шәріпке қатысы жоқ әлемдей бейнелеген. Сонда да Шәріп: «Менің сүйікті мекенім Алматы шаһары» [13] дейді.

Қорытынды. Темірлан Қылышбектің «Лифт» әңгімесі мен Нұрбек Нұржанұлының «Аждаһаның жүрегі» әңгімесін талдай отырып, авторлардың «жаңа типтегі кейіпкерлер әлемін қалыптастырғанын» [14, 116] байқадық. Сондай-ақ, постмодернистік сарында жазылған шығармаларда қала көрінісін бейнелеуге аса мән берілмейтіндігін көруімізге болады. Қала бейнесін суреттеуге аса мән берілмесе де, оның кейіпкер өміріне әсері барын авторлар үнемі білдіріп отырады. Мәселен, «Лифт» әңгімесіндегі қала лифт, кафе арқылы көрінсе, «Аждаһаның жүрегі» әңгімесінде көшелер, автобустар, қоқыс салатын жәшіктер, қоқыста жатқан кітаптар арқылы көрінеді. Қаланың нақты суретін жай ғана детальдар арқылы көрсету постмодерндік ағым шығармаларына тән деуге болады. Себебі, модерндік ағымда қала бейнесін қалада тұрмайтындарға түсінікті болуы үшін егжей-тегжейлі суреттеп, қаланың даладан

айырмашылығын көрсетуге және оның біршама артықшылығы мен кемшілігіне назар аударуға басымдық берілді. Постмодерндік шығармалар үшін мұндай мақсат жоқ. Себебі қала бейнесімен, қала өмірімен бүгінгі оқырманның барлығы дерлік таныс. Сондықтан шағын ғана сурет пен детальдар арқылы қала бейнесін көрсету жеткілікті.

Әдебиеттер

1. Sabirzyanova D.R., Kizirbekzy K.B., Sayfulina F.S., Socialkyzy O.M. The Duality of the Mask Archetype in Works of Art // *Res Militaris*. – 2022. – 12(3). – p. 921-927.
2. Кабисов А. Теория урбанизма и практика модернизма: эссе Георга Зиммеля «Большие города и духовная жизнь» и модернистский роман «Большого города» // *Известия Саратовского университета. Серия Социология. Политология*. – 2009. – Т. 9. – Вып. 2. – С. 66-69.
3. Зиммель Г. Большие города и духовная жизнь // *Логос*. – 2002. – №3-4(34). – С. 23-34.
4. Mumford L. What is a City // *The City Cultures Reader*. – L., 2004. – P. 29.
5. Mumford L. *The City in History*. – San Diego, 1961. – P. 562.
6. Mumford L. Rise and Fall of the Megalopolis // *The Social Animal: An Anthology for General and Liberal Studies* / ed. by H. Parkin. – L., 1969. – P. 51.
7. Mumford L. *The Culture of Cities*. – L., 1997. – P. 5.
8. Bradbury M. The cities of modernism // Bradbury M. & McFarlane J. (eds.). *Modernism*. – L., 1976. – P. 96.
9. Lehan R. *The City in Literature. An intellectual and cultural history*. – Berkley, 1998. – 330 p.
10. Постмодернизм және біз. URL: https://adebiportal.kz/kz/news/view/postmodernizm-zane-biz_22858 (қаралды: 17.12.2023).
11. Қазақ постмодернизмі. URL: https://ruh.kz/qazaq-postmodernizmi-bastau_15838/ (қаралды: 17.12.2023).
12. Қылышбек Т. Лифт. URL: https://adebiportal.kz/kz/news/view/temirlan-qylysbek-lift_21518 (қаралды: 17.12.2023).
13. Нұржанұлы Н. Аждаһаның жүрегі. URL: <https://zhasalash.kz/news/nurbek-nurzhanuly-azhdahanyn-zhuregi-4561/> (қаралды: 17.12.2023).
14. Амангазықызы М., Оразбек М.С. Қазіргі қазақ поэзиясындағы қала бейнесі // *Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы*. – №3/2023. – Б. 115-125. DOI: <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-3.08>.

М. АМАНГАЗЫКЫЗЫ

Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусайнова, Астана, Казахстан

ТЕМА ГОРОДА В ЛИТЕРАТУРЕ ПОСТМОДЕРНА

Аннотация. В статье рассматриваются рассказы «Лифт» Темирлана Кылышбека и «Сердце дракона» Нурбека Нуржанулы, написанные в постмодернистском стиле современной казахской прозы. Цель научного исследования – определить особенности изображения образа города в постмодернистской литературе, проанализировать психологию автора и персонажа. Методологической базой исследования послужили работы учёных, таких как Г. Зиммель, Л. Мамфорд, М. Брэдбери и др., рассматривавших городскую жизнь в различных аспектах. В целях расширения границы вопроса о влиянии города на литературу, о поэтике урбанизма в литературе, в данной статье рассматриваются основные аспекты города как социально-культурного феномена в гуманитарной теории с привлечением работ западноевропейских и американских теоретиков урбанизма. Также при анализе художественных произведений были приняты во внимание научные исследования казахстанских литературоведов о постмодернизме, таких как Б. Майтанов, А. Исмакова, Ж. Жарылгапов, Г. Елеукунова, А. Кодар, С. Касым, А. Алиакбар.

В работе использованы герменевтические, компаративные методы исследования.

Результаты, полученные на основе исследования, могут быть использованы в качестве дополнительного учебного материала при подготовке к лекциям и практическим занятиям по предметам «Теория литературы», «Современная казахская литература», «Литературный анализ и литературное творчество», преподаваемым в высших учебных заведениях.

Ключевые слова: город, тема города в литературе, мегаполис, модернизм, постмодернизм.

M. AMANGAZYKYZY

A.K. Kussayinov Eurasian humanities institute, Astana, Kazakhstan

THE THEME OF THE CITY IN POSTMODERN LITERATURE

Abstract. The article examines the stories «Elevator» by Temirlan Kylyshbek and «Heart of the Dragon» by Nurbek Nurzhanuly written in the postmodern style of modern Kazakh prose. The purpose of the scientific research is to determine the features of the image of the city in postmodern literature, to analyze the psychology of the author and the character. The methodological basis of the study was the work of scientists such as G. Simmel, L. Mumford, M. Bradbury, etc., who considered

urban life in various aspects. In order to expand the boundaries of the question of the influence of the city on literature, on the poetics of urbanism in literature, this article examines the main aspects of the city as a socio-cultural phenomenon in humanitarian theory with the involvement of the works of Western European and American urban theorists. Also, when analyzing works of art, scientific studies of Kazakhstani literary critics on postmodernism, such as B. Maitanov, A. Ismakova, J. Zharylgapov, G. Eleukenova, A. Kodar, S. Kasym, A. Aliakbar, were taken into account.

Hermeneutical and comparative research methods were used in the work.

The results obtained on the basis of the study can be used as additional educational material in preparation for lectures and practical classes on the subjects «Theory of Literature», «Modern Kazakh literature», «Literary analysis and literary creativity» taught in higher educational institutions.

Keywords: the city, the theme of the city in literature, megapolis, modernism, postmodernism.

References

1. Sabirzyanova D.R., Kizirbekkyzy K.B., Sayfulina F.S., Socialkyzy O.M. The Duality of the Mask Archetype in Works of Art // *Res Militaris*. – 2022. – 12(3). – p. 921-927.
2. Kabisov A. Teorija urbanizma i praktika modernizma: jesse Georga Zimmelja «Bol'shie goroda i duhovnaja zhizn'» i modernistskij roman «Bol'shogo goroda» // *Izvestija Saratovskogo universiteta. Serija Sociologija. Politologija*. – 2009. – T. 9. –Vyp. 2. – S. 66-69.
3. Zimmel' G. Bol'shie goroda i duhovnaja zhizn' // *Logos*. – 2002. – №3-4(34). – S. 23-34.
4. Mumford L. What is a City // *The City Cultures Reader*. – L., 2004. – P. 29.
5. Mumford L. *The City in History*. – San Diego, 1961. – P. 562.
6. Mumford L. Rise and Fall of the Megalopolis // *The Social Animal: An Anthology for General and Liberal Studies* / ed. by H. Parkin. – L., 1969. – P. 51.
7. Mumford L. *The Culture of Cities*. – L., 1997. – P. 5.
8. Bradbury M. The cities of modernism // Bradbury M. & McFarlane J. (eds.). *Modernism*. – L., 1976. – P. 96.
9. Lehan R. *The City in Literature. An intellectual and cultural history*. – Berkley, 1998. – 330 p.
10. Postmodernizm jäne biz. URL: https://adebiportal.kz/kz/news/view/postmodernizm-zane-biz_22858 (qaraldy: 17.12.2023).
11. Qazaq postmodernizmi. URL: https://ruh.kz/qazaq-postmodernizmi-bastau_15838/ (qaraldy: 17.12.2023).
12. Qylyşbek T. Lift. URL: https://adebiportal.kz/kz/news/view/temirlan-qylyşbek-lift_21518 (qaraldy: 17.12.2023).

13. Nūrjanūly N. Ajdahanyñ jüregi. URL: <https://zhasalash.kz/news/nurbek-nurzhanuly-azhdahany-zhuregi-4561/> (qaraldy: 17.12.2023).

14. Amanğazyqyzy M., Orazbek M.S. Qazırgı qazaq poeziasyndağy qala beinesı // Eurazia gumanitarlyq institutynyñ Habarşysy. – №3/2023. – B. 115-125. DOI: <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-3.08>.

Авторлар туралы мәлімет:

Аманғазықызы Мөлдір – философия докторы (PhD), А.К. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті, Астана, Қазақстан.

Аманғазықызы Молдир – доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени А.К. Кусаинова, Астана, Казахстан.

Amangazykyzy Moldir – Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor, A.K. Kussayinov Eurasian humanities institute, Astana, Kazakhstan.